

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ертіс ауданы «Майқоңыр жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Балапан» шағын орталығы мен мектепалды сыныбының
өзін-өзі аттестаттау**

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Майқоңыр жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме.

Білім беру ұйымының толық атауы – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Майқоңыр жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме.(дт, мц)

Құрылыс жылы – 2008 ж.

Жобалық қуаты – 25 орын.

Жалпы ауданы –141,6 ш.м.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140512, Ертіс ауданы, Майқоңыр ауылы, Бейбітшілік көшесі,9.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87058061956, bakhyt.pazymova@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: мектеп директоры Назымова Бахыт Кайденовна. Бұйрық №1-05/75 ж/қ 03.06.2024ж.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары. Мектеп бастауыш, негізгі және орта жалпы білім беруді мынадай құқық белгілейтін құжаттар негізінде жүзеге асырады:(миницентр)

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ17BFA00123049 мемлекеттік лицензия Линцензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ17BFA00123049 білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша Линцензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

- 2021 жылғы 11 қаңтар Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 981040001637.

- 2021 жылғы 11 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «Майқоңыр жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

Мектеп әкімшілігі:

Мектеп директоры: Назымова Бахыт Кайденовна – педагог- сарапшы , бастауыш сынып мұғалімі , еңбек өтілі 10жыл , 9 ай.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а.: С.К.Сеитова – педагог-модератор, география пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 12 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а.: А.А.Канакаева – педагог-модератор, орыс тілі және технология пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 8 жыл.

01.09.2024 жылы мектепалды сыныбы және Балапан шағын орталығы:

Аралас топ . Балалар саны: 14.

Мектепалды сыныбында бала саны -5.

Оқыту тілі: мемлекеттік тіл.

«Балапан» шағын орталығы бес күндік жұмыс істейді.

Жұмыс уақыты: (08:00-18:00) аптасына 5 күн, дүйсенбі-жұма, сенбі-жексенбі демалыс.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Сапалы білім бере отырыа бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу»


Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, тәрбиешілер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, тірбиешілер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, балалардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, шағын орталығының кеткен және келген балаларды тіркеу журналы, балалардың жеке істері медициналық құжаттары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 «Білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Тәрбиебілім деңгейі


Периоды	Барлық ұстаздар	Жоғары білімді	Арнаулы орта біліммен
2022-2023	3	3	-
2023-2024	3	3	-
2024-2025	5	5	-



Бұл кестеден ұстаздардың білім деңгейі 100% көтерілгенін көрсетеді.

Ұстаздардың біліктілік санаттары туралы ақпарат


	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Барлық ұстаздар	3	3	5
Педагог-сарапшы			1 (20%)
Педагог-модератор	2(66%)	2 (66%)	3(60%)
II санат	1(33%)	1 (33%)	
Педагог			1 (20 %)



Үш жыл ішінде педагог-сарапшы мұғалімдердің үлесі 20% құрайды.

Ұстаздардың жастық құрамы туралы ақпарат

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Барлық ұстаздар	3	3	5
20 жасқа дейін			
20-25 жас			
25-30 жас			
30-35 жас	1	1	1
35-40 жас			1
40-45 жас	1	1	
45-50 жас	1		1
50-55 жас		1	2
55-58 жас			
58 жастан жоғары			



Ұстаздардың орташа жасы 40 жас. Осы жаста ұстаз түбегейлі өзгерту (өзгерту, дамыту) және жаңа құралдар мен тәсілдерді іздестіру міндеттерін қояды және шешуді біледі. Педагогикалық әдепті және педагогикалық дербестікті меңгереді. Осы барлық қасиеттер оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

2022-2023 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Тәрбиешінің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Нагима Калиновна Аужанова	“Баланы ерте дамыту бағдарлары”	2022 жылы	Педагогикалық шеберлік орталығы НИШ	341341076

2023 -2024 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Тәрбиешінің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Глеулинова Ризагуль Балгабаевна	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру	23.10- 1.11.2023 жылы	Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты	003985
2	Жалбинова Айгуль Кайроллиновна	Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру	22.04- 03.05.2024 жылы	Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі Өрлеу бірліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы	0826945

2024-2025 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер


№	Тәрбиешінің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Кастретьова Алия Зинильгабиловна	Развитие профессиональной компетентности педагога по формированию этнокультурных ценностей у детей дошкольного возраста	05.08- 15.08.2024	Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі Өрлеу бірліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы	0828282

Тәрбиеленушілер контингенті

Шағын орталығы тіркеу balabagsha.snation.kz веб- сайттағы бағыт бойынша жүзеге асырылады, 2024 жылдан бастап Инкрафт веб-сайтында электронды балабақша.

**Шағын орталық және мектепалды сыныбының
тәрбиеленушілердің жалпы саны**


Оқу жылы	Балалар саны	Балалар жасы				
		1-2	2-3	3-4	4-5	5-6
2022-2023	15		4	4	5	2
2023-2024	18		4	4	5	5
2024-2025	19		4	4	6	5



Балапан шағын орталығының және мектепалды сыныбының контингенті жылдан жылға саны бұрынғы деңгейде тұр.

**Шағын орталық және мектепалды сыныбының
жынысы бойынша тәрбиеленушілердің құрамы туралы мәлімет**

Балалар жынысы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Жалпы балалар саны	15	18	19
Ұлдар	10	10	13
Қыздар	5	8	6



Оқу-әдістемелік жұмыс

Осы критерий бойынша 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылына талдауға ұсынылған мектепке дейінгі ұжымның құжаттарды барлық жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесін басшы бекітіп, мөрмен куәландырғанын көрсетті. Жыл сайын оқу жұмыс жоспары Павлодар облысы білім басқармасының Ертіс ауданының білім бөлімі ММ-мен бекітіледі. Жұмыс оқу бағдарламасына түсіндірме хат құрастырылды.

Оқу процесін ұйымдастырудың негізі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары болып табылады.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен өзгерістер мен толықтыру енгізілген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

доба

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Оқу-материалдық активтер

Құрылыс жылы – 2009 ж.

Жобалық қуаты – 25 орын.

Жалпы ауданы –141,6 ш. м

Жұмыс уақыты: (08:00-18:00) аптасына 5 күн, дүйсенбі-жұма, сенбі-жексенбі демалыс

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Балалардың даму деңгейін бақылау кезінде мұғалімдер Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындайды, мектепке дейінгі тәрбие мен бағдарламасының мазмұны бақылау парағын және баланың жеке даму картасын толтыру тәртібін білу. Мұғалімдер баланың дағдылары мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістерін жетік меңгерген: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, іскерлік ойындар, өнімді іс-әрекет нәтижесі және т.б.

Салыстырмалы мониторинг
Жиынтық есеп 2024-2025 оқу жылына балалардың дағдылары мен
дағдылардың дамуын қадағалау бойынша бастапқы, аралық, қорытынды
(тиісті болса астын сызу) мониторингінің нәтижелері туралы

	Балалар саны	Физикалық даму			Коммуникативтік			Таным			Шығармашылық			Әлеуметтік		
		жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	Төмен
Аралас топ 3 жас	4	25%	75%	0%	0%	25%	75%	0%	50%	50%	0%	50%	50%	-	-	-
Аралас топ 4 жас	6	0%	100%	0%	0%	50%	50%	0%	50%	50%	0%	100%	0%	0%	50%	50%
Мектепалды даярлық сыныбы	5	0%	100%	0%	0%	67%	33%	0%	100%	0%	0%	100%	0%	0%	100%	0%
Барлығы	15	8,3	91,6	0	0	47,3	52,6	0	66,6	33,3	0	83,3	16,6	0	50	16,6

Қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде жасалған қорытынды.

Сауалнама қорытындысы


2024-2025 оқу жылында мектепте мектепалды сыныбында 5 тәрбиеленуші, Балапан шағын орталығында 14 тәрбиеленуші білім алуда.

Сауалнаманың негізгі мақсаты - ата-аналардың көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау. Тәрбиеленушілердің ата-аналарының мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы пікірін зерделеу бойынша мониторингтік зерттеу жүргізу мектепке дейінгі білім берудің қанағаттану дәрежесін анықтауға, білім беру процесіне қатысушылардың оны ұйымдастыру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес жас топтары бойынша игерілуі тиіс мазмұны туралы пікірін зерделеуге мүмкіндік береді.

Сауалнамадан барлығы 16 ата-ана өтті. Бұл респонденттердің 100% құрайды. Мұндай пайыз ата-аналардың өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа дайын екендігін және мұғалімнің жұмысына бей-жай қарамайтындығын көрсетеді.

Ата-аналарға 13 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды.

Сауалнамада тәрбиеленушілердің келесі дағдыларының деңгейін анықтады:



Білім беру ұйымының басшысы



Б.К.Назымова